
ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҮЛПТЫҚ ТАНЫМ

ӘОЖ 305.8

Сайран ӘБУШӘРІП

философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Түркология ГЗИ-ның жетекші ғылыми қызметкері

АДАМ – НӘСІЛ – ЭТНОС: ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ЭВОЛОЦИЯСЫ

Мақалада нәсіл мен этностың пайда болуы мен эволюциясы сөз болады. Бұл ретте түрлі көзқарастарға, атап айтқанда, моногенистер мен полигенистердің позицияларына орын берілген. Нәсілдік теория бойынша, қарама-қарсы бағытты ұстанған авторлардың уәжідері мен дәйектемелері көлтіріледі. Алайда нәсілдер мен этностардың бірдей мүмкіндіктер мен қабілеттерге ие емес екендігін растайтын деректер, мәліметтер және фактілерді алға тартқан авторлардың дәйектемелерін қабылдамасқа лажың жсоқ. Ал халықтардың бәрі бірдей тең, сондай-ақ психикалық және ақыл-ой қабілеттері бойынша олардың айырмашылықтары жсоқ деген авторлардың генетикалық жағынан сенімді де нақты фактілері жұтанаңдау екендігі тілге етіледі.

Мақалада адам бойы мен болмысында нәсілдік және этностың белгілердің өзара байланыста екендігі көрсетіледі.

Кітт сөздер: Нәсіл, этнос, моногенизм, полигенизм, моноцентризм, полицентризм, маркер, ген, хромосома, ішкі секреция

Адам мен этностың пайда болуы олардың табигаты жөнінде түрлі пікірлер айтылып, тұжырымдамалар негізделуде. Бұлардан тек ақылға сыйымдысын, ғылыми негізі барын ғана кәдеге асыруға болады, әрине. Бұл ретте нәсілдік теорияны дәйектеуге күш салып жүрген авторлардың қарасы әжептәуір екендігін айта кеткен жөн. Олардың адамдар мен этностардың жер-жерлерде бір-біріне тәуелсіз әр уақытта пайда болғандығы және нәсілдік, этникалық ерекшеліктерді сапалық жағынан төмен және жоғары дәрежелерге жіктеуге болатындығы жөніндегі «дәйектемелерін» ұшыратуға болады. Егер бұл тұжырымдамалар жан-жақты дәйектелініп, олардағы фактілер расталынып жатса, қабылдамасқа лажың қалмас. Шынында да адамдардың бәрі табигатынан бірдей дарынды болып туыла бермейді емес пе?

Бұл ретте В. Б. Абдеевтің нәсілдік теорияның көлемді тарихнамалық очеркін жазып, адамдардың нәсілдік айырмашылықтарына қатысты мол ақпаратты өзінше сараптап бергендердің назар аудартады [1]. Бірақ та бұл мәселе тұрғысында оның соңшалықты біліктілік таныта алатынына күмәндانا қарытын авторлар да бар. Дегенмен әр түрлі көзқарасты ұстанатын авторлардың еңбектеріндегі ой-пікірлер және тұжырымдармен танысып, оларды бойға сіңіре отырып қазақы қауымның қазіргі жағдайын жақсырақ түсініп алуға болады деп білемін. Бүгіндері әр-әр жерде ұлттарарадық

қатынастарда қақтығыс-қайшылық анық бой көрсетуде. Әрине, ұлттық революцияның барлық жерде әрқашанда тыныштық пен ізгіліктілікте орнықтыра бермейтіні рас, бірақ онымен есептеспеуге және болмайды. Бұдан тысқары, дүниежүзілік ұдерістердің қайсы бағытта өрбитінін, ел ішіндегі жағдайды шынайы бағамдай алу үшін де бірінші кезекте этнос мәселесі зерттелуі керек. Әсіресе, қазақ қауымының басқа халықтардың ықпалында болуы мен тұрмысының жағдайынан туындастырын заңдылықтарды зерделеудің маңызы зор. Ол үшін нәсіл мән этнос, этнос пен ұлт, ұлт пен қоғамның, ұлт пен биліктің арақатынастарын, ұлттық қозғалыстар құштерінің сипаты мен мақсатын, қазақ халқының этникалық тағдырын біліп алу аса қажет. Этнос қалай өмір сүреді және неліктен тіршілігін тоқтатады, құрылған мемлекеттің этнос тағдырына ететін әсері қандай деген сұрақтарға жауап берілуі ләзім.

Л.Н. Гумилев «Этногенез и биосфера Земли» еңбегінде этнос ғарыштық сәулеленуге байланысты пассионарлық дүмпудің нәтижесінде пайда болады дейді. В. Шнирельман пассионарлық теория этникалық бірыңғайлыштың (идентификацияның) символдық сипаттас екендігін ескермейді дегенді алға тартады. Ал Дж. А. Тойнби этностиң пайда болуы қоршаған ортандың қарсылық әсерлерінің ауысып отыруына байланысты деп тұжырымдайды [2]. Бұл ретте біrsызыра антропологиялық және биогенетикалық пайымдаулар айтылып, дәйектелгендігін ескерген жen.

Адамның маймылдан тарағандығы туралы болжам дәлелденбegen. Бұғынгі күнде адамның пайда болуының көпшілік қабылдаған теориясы жоқтың қасы. Ендеше, қарама-қарсы позицияда тұрган авторлардың көзқарастарын дұрыс еken деп қабылдай беруге болmas. Алайда оларды салғастырып қарастырудың артықшылығы жоқ. Мәселен, кейір авторлардың пікірінше, акышыл түсті, сопақ бет еуропалықтардың (долихокефальдардың) ата-бабалары – кроманьондықтар. Олардың маймылдарға ешқандай қатысы жоқ. Және де Солтүстік мұзды мұхит жағалауларында маймылдар мекенdemеген. Ал негрлердің тегін неандертальдықтардан іздеу керек. Әуел баста кроманьондықтар мен неандертальдықтардың арасында ешқандай байланыстар болмаған. Кейінректе алғашқы адамдар деградацияға ұшырап, маймылдар пайда болған [3]. Мұндай пікірді насиҳаттауга бағыштап еңбек жазған танымал антропологтар мен биолог-генетиктердің саны жеткілікті [4]. Олардың пайымдауынша, кроманьондықтардың бас сүйектері қазіргі адамдардікіне қараганда көлемдірек. Мұның өзі шынында да белгілі бір деградацияның болғандығын айғақтайды. Ал монголоидтықтар, негроидтықтар, австралоидтықтар немесе қызыл тәнділер деп аталып кеткен американоидтықтардың кроманьондықтарға қатысы жоқ. Соңғылар қазіргі адамдардың – баскілер, корсикалықтар және берберлердің алғашқы арғы бабалары. Филологтар (У. Рипли, Г.Ф. Осборн) кроманьондықтардың тіпті тілінің кейінгі иегерлері баскілер есептелінеді, деп біледі. Ендеше,

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

адамзаттың Жердің бір нұктесіндегі бір гана топтан пайда болып, Жер шарының басқа аймақтарына тараған деген теория фактілерге үйлеспейді.

Осынау моногенизмге қарсы полигенистік теорияны ұстанатындар өздерінің уәждерін келтіреді. Жаңа заманда полигенизм идеясын Еуропада швейцарлық дәрігер Г.Б. Парацельс алға тартқан. Ол жаңадан табылған аралдар тұрғындары Адам Ата мен Хая Аナンың ұрпақтары емес және олардың қаны мен тәнінің құрылымы біздердікіндегі деп болмайды деген еді. 1600 жылы полигенизмді насиҳаттаганы үшін Дж. Бруноны өртеп жіберген. Адамның табиғи жолмен пайда болғандығы жөніндегі ежелгі болжамдарды еске алғаны үшін ғалым Ванинидің тілін кесуге үкім шығарылған. Ч. Г. Смит бір нәсілдің екіншісінен пайда болуы мүмкін емес деп тұжырымдаган (1848 ж.), ал Ж. Л. Агасис олар Жер шарының түрлі аймақтарында бір-біріне байланыссыз жағдайда пайда болған деп есептеді. Солтүстікте ешқандай маймылдар болмаған, ал ак нәсіл ұрпақтары Солтүстікten Оңтүстікке қарай жылжып отырған. Мұның өзі Д.К. Нотта мен Д. Р. Глидонның еңбектерін негізге ала отырып жасалған адамзаттың генетикалық бірлігі жөніндегі тұжырымды жоққа шығарды.

Бұл ретте аталмыш көзқарастың ғылыми негізі бар деуге болатын тұжырымдамаларға қайшы келетінін атап өткен жөн.

Россиялық антрополог Л. Криживицкий өзінің «Антропология» (1901) атты кітабында салыстырмалы тіл білімі мен мәдениеттанудың деректерін және т.б. ғылыми мәліметтерді саралай отырып, бастапқыда адамзат ұрпақтары қоғамдық және мәдени жағынан бір-бірінен тәуелсіз дамыған топтарға белгіліндігін, тілдердің бірнеше жерде пайда болғандығын, от пен садақты пайдалана білу сияқты мәдени жаңалықтар Жер шарының көптеген аймақтарында ашылғандығын тілге тиек еткен. ЮНЕСКО қабылдаған (1964) декларацияда адамзаттың түрлі топтарының қашан, қалай оқшауланып өмір сүргендігі жөніндегі мәселенің басы ашық қалуда делінген. Сонымен полигенизм теориясы Жердің түрлі орталықтарында алуан нәсілдердің бір-бірінен тәуелсіз пайда болғандығы жөніндегі полицентризм теориясымен толықты. Бұл теорияны В.Г. Алексеев, А.Л. Монгайт, А. И. Першиц (История первобытного общества. М., 1982) қолдайтынын білдірген. Американдық антрополог К.С. Кун (Происхождение рас, 1963) және К. М. Хайлор «К эволюции теоретического мышления в биологии: от моноцентризма к полицентризму» (1973) деген мақаласында адам өмірлік маңызы бар қажеттіліктерін Әлемнің барлық аймақтарынан таба алады, ендеше, биохимиялық түрғыдан полицентризм идеясы басымдылыққа ие болуы керек деп жазады. А.А. Зубов та бұл идеяның жақтаушысы ретінде еңбек жазған [5]. Айта кету керек, нәсілдердің бір ошақтан пайда болуы жөніндегі тұжырымдаманы совет археологі П.И. Борисовский, антрополог Г. Ф. Дебец сынға алған еді.

В.Б. Авдеев нәсілдік белгілер ортага бейімделудің иетижесі емес, одан мұлдем тәуелсіз түрде, толықтай тұқым қуалаушылық факторымен анықталады десе, зоолог К.Ф. Рулье түрлердің тұрақтылығы жайлы метафизикалық көзқарасты сынап, ағзалардың қай қайсысы болса да айналадағы ортаның әсерінен өзгереді деген еді.

Тұқым қуалаушылық негізгі хромосомаларда орналасқан гендер арқылы жүзеге асырылады. Ағзалардың жасушаларында ондаған хромосомалар мен онда орналасқан мындаған гендер болады. Олардың саны шамамен 28 000 екен деген болжам да жоқ емес [6]. Жыныс жасушалары ұрықтанғанда аталақ және аналық хромосомалары бірігеді, осыған байланысты ағзаның келесі ұрпақтарында жекеленген жаңа белгілер қалыптасады. Сондықтан әр бір түрдің ұрпақтары ата-енесінің көшірмесі бола алмайды. Бір белгінің дамуына аналық ағзаның гендері, ал екінші біреуіне аталақтың гендері көбірек, үшіншісіне аталақтың да аналықтың да гендері бірдей әсер ететін болады. Пайда болған жаңа өзгерістер тұқым қуалау арқылы келесі ұрпақтарға беріліп отырады.

Тіршілік үшін курес жүріп жатады: бір түрге жататын құстар арасындағы ұя салатын жер үшін бәсеке немесе жыртқыштардың бір-бірімен жемтігі үшін қақтығысы. Кейбір балықтар өздерінің итшабақтарымен қоректенсе, шағалалар өз балапандарын жеп қояды, сарышымшық балапандарын ұясында таптап тастайды.

Аңызақ желді арал өсімдіктері жер бетіне төсөліп өседі, ал шөлді жерлердегі өсімдіктердің тамыр жүйесі 10-15 м терендікке жетеді, жапырақтары тілімделіп тікенеккө айналады.

Дарвин табиғи сұрыпталу деп сол түр үшін пайдалы белгілері мен қасиеттері бар даралардың нақты тіршілік жағдайларында тірі қалып ұрпақ беру мүмкіндігін айтты. Табиғи сұрыпталу әрекетіндегі түбегейлі мәселе даралардың тірі қалуы және олардың әр түрлі жолдармен көбеюге қабілеттілігі болып есептеледі. Өйткени, көбеюге қабілетті дарағана популяция генофондысына нақтылы үлес қоса алады. Көбейіп ұрпақ қалдыруға қабілетті жоқ даралардың эволюциялық мәні де болмайды. Ендеше, ағзаның бұл қасиеті табиғи сұрыпталудың генетикалық эволюциясының критерийі болып табылады.

Бейімделушілік деп (түрдің) нақтылы орта жағдайларында тіршілік етіп ұрпақ қалдыруын қамтамасыз ететін арнайы қасиеттердің пайда болуын айтады. Құстардың ұшуға, балықтардың жузуге ынғайлы келуі, ал топырақ астында тіршілік ететін жануарлардың сезім мүшелерінің нашар жетілуі – бейімделушіліктің мысалдары.

Адам мен шимпанзе гендерінің 99 %-і ұқсас. Олардың қан құрамы ұқсайды. Қортық шимпанзенің сәйкес қан тобын адамға құюға болады [7, 228]. Осы ұқсастықтардың бәрі де адам мен адамтәрізді маймылдардың арасындағы жақындықты мойындауға жетелейді. Дегенмен де қазіргі кезде

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

тіршілік ететін адам тәрізді маймылдардың ешқайсысын адамның тікелей аргы тегі деуге болмайды.

Адамның аргы тектерінің өзара сөзben қарым-қатынас жасауы адам миының дамуына, ойлау қабілетіне ықпал жасады. Сөз бірте-бірте тәрбие құралына айналды. Сейтіп қоғамда табиғи сұрыпталу өз мәнін бірте-бірте жойды. Оның есесіне әлеуметтік әрекет (еңбек ету, сөз) адам эволюциясында негізгі орын алыш отыр. Ойлау, сөйлеу, ұжымдастып еңбек ету қабілеттері ешқашан түқым қуаламайды. Тек адамның морфологиялық және физикалық әрекшеліктері ғана түқым қуалайды. Сондықтан да қоғамдық құрылышта әрбір аға ұрпақ өз білімін, тәжірибе-өнегелерін кейінгі ұрпаққа тәрбие және білім беру кезінде беріп отырады.

Төрткүл дүние ғалымдарының бірсынырасы нәсілдердің бір-бірінен ақыл-ойы, денесінің құрылымы жөнінен айырмашылығы жоқ, олар өзара тең деген тұжырымға келген. Бірақ та Батыстың фильмдерінде ак түстілердің басқалардан артықшылығы насиҳатталып жатқаны белгілі. Біздің елімізде де өзінікін мансұқтаң, қор тұтып, өзгелерді зор тұтқан қазақтың тұтастай бір ұрпақты қалыптастып та қалды.

1966 ж. БҮҰ-ның Бас Ассамблеясы 21 наурыз күнін «Халықаралық нәсілшілдікті жою күні» деп жариялау туралы шешім қабылдан, бекітті. Алайда бұл тұжырымдарға қарсы эксперименталдық фактілер негізінде өз уәждерін негіздейтін авторлардың қарасы әжептәуір екендігін айта кеткен жөн. Олардың жазуынша, қан сарысуының компоненттерінен генетикалық жағынан этникалық айырмашылықтарды көруге болады. Құлақ құлдығы мен алақан бедерінен нәсілдік айырмашылықтарды білуге болады. В.А.Спицин халықтардың бөгделік дәрежесін эмпирикалық жағынан есептеуге мүмкіндік беретін гендік дифференцияның (*Gst*) тұжырымдалған коэффициентін шығарады. Оның зерттеулеріне қарағанда, нәсілдік белгілер қоршаған орта жағдайларына бейімделудің нәтижесі болмастан, табигаттың түрлі нәсілдерге үлестіріп берген генетикалық безендірілуі. Бұл тұжырым африкалық-американдық негрлердің соңғы 400 жылдық тарихында осы уақытқа дейін климаттың ауысуына байланысты олардың ағарыш кеткендігінің байқалмағандығымен немесе голландық қоныс аударушылар-бурлардың ОАР-дағы ақ түстес ұрпақтарының қарайш кетпегендігімен расталынады. Айта кету керек, экватордан алыстаған сайын, мейлі ол жер Солтүстік полюс немесе Оңтүстік полюс болады ма, бәрібір орташа жылдық температура мен жылдағы Күндік күндердің саны бірдей өзгереді, бірақ қара тәнді тіршілік иегерлері күн шуағы молынан түсетін және қатты қыздыратын барлық жерлерде емес, Африкада өмір суреті. Негроидтар Орталық Америкада да, Оңтүстік Америкада да, Азияның көп бөліктерінде де, әсіресе Еуропаның экватордан бірдей қашықтықтағы бөліктерінде де құралмаған. Солтүстік жартыштарының бірде-бір континентінде тиісті климаттық поистарында о бастан табиғи негроидтарды таба алмаймыз. Мұның өзі негроидтық

нәсілдің күн сәулеінің әсерінен «қарайып» кеткендігі жөніндегі болжамды бейғылыми ретінде біржола жерлеп тастауга мүмкіндік береді. Н.А. Дубоваяның баяндамасында [8]: «Осы уақытқа дейін экваториалдық топтарға тән терінің өте күнгірттік пигментациясы Африка, Австралия континенттерінде немесе Оңтүстік Азияда ата-бабалары туылмаған индивидуумдардың бірде-біреуінде байқалған жоқ деп атап көрсетіледі. В.А. Спицинның айтуыша, европеоидтықтарда геннің жиілігі (Gc) 10 %-тен аспайды, ал негрлерде ол 30 %-тен жоғары. Нақ осы геннің жиілігі мен нәсілдерге тән иіс арасында байланыс бар екен.

Антраполог Л. Криживицкий түрлі елдердегі адамжегіштер арасында сауалнама жүргізіп, түрлі нәсілдер адамдарының талғамдық жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар екенін анықтаған. Оның тұжырымдары ең анық дереккөздерге негізделіп жасалынған екен. Әсіресе, адам жегіштердің талғамдық ерекшелігін олардың микроаналогтары-қансорғыш наsectомдары растанды. Танымал антраполог және гемотолог Б.Н. Вишневский [9] «турлі нәсілдер наsectомдарының қожайындарының қанындағы химизимге бейімделуіне байланысты олардың айырмашылықтарының болатынын көрсетеді. Түрлі нәсілдер екілдерінің наsectомдарын зерттеу тайпалардың туыстық байланыстары жөніндегі әкпаратты анықтауга жәрдемдеседі. Бит және басқа паразиттер өздері соратын қаның сапасын аса сезімталдықпен ажыратады екен. Ал танымал француз антрапологі Жан Жозеф Видей XIX ғасырдың басында былай деп жазған еді: Дәл сондай сұтқоректілер мен құстар және басқалардың әрбір түрінің өзінің наsectомдары бар. Бұл наsectомдар тек сол түрден ғана табылады. Негрлердің де ақ нәсілдің өкілдерінен өзгеше битті болады. «Негрлік биттің басы үш бұрышты, денесі кедір-бұдырылы, ал түсі нақ негрдің өзінікіндей қап-қара болып келеді [10, 8].

Авторлардың көлтірген уәждеріне қарасақ, экватордан Солтүстікке немесе Оңтүстік полюске қарай барған сайын ортажылдық температура мен шуақты қундердің саны жыл сайын бірқалышты өзгереді, бірақ қара тәнді тіршілік иелері күн сәулеі молынан жарқырай түсіп, қатты жылтытатын барлық жерде емес, көбінесе Африкада тұрады. Негроидтер Орталық немесе Оңтүстік Америкада да емес, Азияның басым бөлігінде де, әсіресе Еуропаның экватордан бірдей қашықтықтағы бөліктіктерінде де пайда болмаған.

В.А.Спицин «Ірі нәсілдердің әрбірі өзіне ғана тән өзгеше гаммоглобулиндеріне (фосфор қышқылы бар минералдар) мысалы, бала жолдасы – шуының сілтілі фосфатаздарының гендік кешеніне ие болады», дейді. Бұл ретте «Народы России» (М., 1994) атты Энциклопедияның авторлары мына жайтқа назар аудартады: «Әр түрлі ауруларға қарсы қорғаныс реакциясын қамтамасыз ететін иммуноглобулиндер мен қан ағымындағы темір иондарының қалыпты циркуляциясын қамтамасыз ететін трансферinder жүйелері бойынша ірі нәсілдер ажыратылады». Түрлі

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

нәсілдер мен халықтардың өкілдерін бір-бірінен белок құрылымы, иммундық жүйенің биохимиялық құрамы мен қанның электро-магниттік қасиеттері де ажыратып тұрады. Құлақ құлтығының биохимиялық құрылымы адамның нәсілдік тегі туралы біршама мәліметтерді береді.

Э. Бауэр, О. Фишер және Ф. Ленц «Учение о человеческой наследственности» (1936) атты кітабында «Адамдардың нәсілдік ерекшеліктері негізінен ішкі секрецияның (бездердің адам организмі үшін маңызды заттек болып шыгаруы) айырмашылықтарына байланысты. Нақ осылар дененің конституциясын, интеллектуалдық-психикалық және басқа нәсілдік ерекшеліктерін анықтайды деп тұжырымдады. М.Г. Абдушелишивили мен В.П. Волкова-Дубровина «тері түр-түсінің кейбір физиологиялық ерекшеліктермен белгілі бір байланыста екендігі байқалады. Ең ақ түстес адамдарда қанның базу ағымы мен сүйек тканьдарының минералдық жағынан өте қаныққандығымен, ал күрең түстес жандардың склелтері минерализациясының шамалы мөлшерде болатындығы және қан ағымының қарқындылығымен ерекшеленеді дейді» [11].

Осынау зерттеушілердің пікірінше, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында, барлық адамдар бірдей құрылымдық материалдардан құралады деп сендіруге тырысқан авторлар болды. Олардың бұл болжамдарына моногения жактаушылары қатты жабысып алғып, Орталық Африка топырағында өмір сүрген «қара Евадан құллі адамзаттың әuletтері тараған-мыс» деген идеяны қоғамдық санаға сіндіруге тырысты. Бірақ ақ ниетті генетиктердің зерттеулері бұл түрғыда басқа қорытынды жасауга мүмкіндік беретінін көреміз. Содан соң бұл Еваниң ұрпақтары Солтүстікке қоныс аударып, бәрі бірдей ағарып кетеді, басқалары шығысқа барып, сарғайып көздері қылиланып қалған.

Танымал совет биологи И.И.Шмальгаузен тұқым қуалау кодының (шартты белгілер жүйесі) сыртқы факторлардың тікелей әсерінен тұтастай алғандағы бүкіл организмнің және клетканың реттеуішлік механизмдерімен, сондай-ақ ядролық қабығымен қоршалынғандығының дәлелін тапқан [12]. Өз бетімен өмір сүретін организмнің өмірі бойында пайда болған – «алынған» белгілерінің тұқым қуалау арқылы берілуі мүмкін емес. Өйткені, бұл «алынған нәрсе» организмдегі тек информацияның өзгерісіне ғана қатысты және сол организммен бірге жойылады. Бұл реттегі генетиктердің мутацияның (тектикалық өзгерістің) рөлі жөніндегі пайымдауларына орай айттарымыз мынаған саяды: ол шын мәнінде кездейсоқтық сипатқа ие, бұдан тысқары мутациялардың өз бетімен ешқандай өзгерісі болмайды, өйткені олар тұқым қуалаудың нәсілдік белгілеріне байланысты белгілі бір шекараларда ғана болуы мүмкін. Бұл ретте басқаша пікірді ұстанатын авторлардың қарасы әжептәуір.

Модификациялық өзгеріштік – генотиптің өзгеруіне байланыссыз сыртқы орта жағдайларының әсерінен болған ағза фенотипіндегі белгілердің

өзгеруі. Өзгергіштіктің бұл типі тұқым қуаламайды. Н.И. Вавилов ұзакка созылған модификациялық өзгергіштік біртіндеп мутациялық өзгергіштікке айналуы мүмкін деген қорытынды жасады.

Бірақ хромосомдық мутациялар әр түрлі себептерге байланысты пайда болады. Мысалы, температураның, ультракүлгін және рентген сәулелерінің, химиялық заттың, т.б. әсерінен мутациялар болатыны дәлелденді.

Гендік мутация гендердің молекулалық құрылымының өзгеруінен болады. Гендік мутациялардың пайда болуының негізгі себептері мыналар: а) ДНК молекуласындағы белгілі бір нуклеотидтің түсіп қалуы; ә) нуклеотидтердің орын ауыстыруы, т.б. нәтижесінде синтезделетін ақуыздығы бір аминқышқылының орнына басқа аминқышқылы орналасып, оның жүйесі бұзылады. Осының нәтижесінде ағзаның биологиялық қасиеті өзгереді де жасушалар мен ағзада ылғы жүріп жататын алмасу әрекеттері бұзылады. Мұның өзі ағзаның тіршілік қабілетін нашарлатады, ал кейбір жағдайларда өлімге душар етеді. Мутацияның тағы бір түрі геномға сырттан қосылуы арқылы түзіледі. Ол ағзаның қасиеттерін өзгертеді және көп жағдайларда вирустармен келген гендер арқылы ауруға ұшырайды.

Табиги жағдайда жеке геннің мутациясы өте сирек кездеседі. Егер гендер тез және жиі өзгеретін болса, онда түрлердің сақталуы мүмкін болмас еді де, әрбір үрпақтағы ағзалар ата-енелеріне ұқсамайтын жаңа турғе айналып кетер еді [7, 145]. Н.И. Вавилов (1887-1943) гомологтық қатарлар заңын ашты. Бұл заңың мәні – бір-біріне генетикалық жағынан жақын немесе шығу тегі бір түрлер мен туыстардың тұқым қуалау өзгергіштігі ұқсас келеді [7, 146].

Демек, биологиялық информация үрпақтарына биологиялық жолмен аналық жасушаның (яйцоклетка) ұрықтануы үдерісі арқылы беріледі. Адамның шашы мен терісінің түр-түсі, мұрны мен көздерінің пішіні үрпақтан үрпаққа үйрету арқылы емес, сперматозоидтың ұрықтануы арқылы беріледі.

Ешбір адам өмірге бір тілде сөйлейтін болып туылмайды. Баланың атап-аналары өзара және жақындарымен, соңдай-ақ айналасындағы адамдармен қайсы тілде сөйлессе, балалары қайсы тілдің сөздерін естіп өссе, қайсы ортада қалыптасса, сол органың тілін қабылдан жетіледі. Тіл аналық жасушаның ұрықтануы кезінде берілмейді, ол үретудің нәтижесі. Балаға тілден бастап, киім кию, тамақ пісіру әдістері, үй болып құрылудың тәсілдері информация ағынымен беріледі, оларды қайта-қайта қайталаудың нәтижесінде құлағына, санасына, бүтін бітім-болмысына сіңіріп барады. Демек, ұзақ уақыт бойы бір территорияда өмір сүріп, ортақ тілде сөйлеп, бір мәдениет құндылықтарын тұтынып, бір қоғамға біріккен адамдардың тобы – бұл этностиқ қауым және ұлттық бірлестік болып табылады. Дегенмен де биологиялық және рухани өрекшеліктердің тұқым қуалау арқылы берілетіндігі жөнінде пікір білдірген авторлар бар: «Дұрыс құрылған шежірелік картага талдау жасау арқылы тек тұқым қуалайтын аурулар ғана емес дарындылықтың, білімге қабілеттіліктиң, өнерге икемділіктиң немесе

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

басқа да жағымды қасиеттердің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі сипатталады. Мысалы, Құнанбай әулетінен тарағандардың ішінде ақын-композиторлар көп болған. Олар: Құнанбайдың баласы қазақ әдебиетінің классигі – Абай (Ибрахим), бала-немерелері - Шәкәрім, Әбдірахман, Мағауия, Ақан және басқалар» [7, 132-133]. Кейбір этностардың (мысалы, еврейлердің) этногенетикасын олардың тілі мен мәдениеті арқылы емес, шығу тегінің бірлігімен анықтау нәтижесін береді деген пікірді алға тартқан авторлар да барышылық [13].

Генетик Ю. Г. Рычкова 1998 жылдың 7-9 қазанында өткен халықаралық конференцияда («Раса: миф или реальность?») баяндама жасап («Генетические основы устойчивости и изменчивости рас») молекулярлық генетика нәсілдік айырмашылықтардың маркерлері болып табылатын ДНК-маркерлерін ашуда деді. Осынау конференцияның материалдары «Проблема расы в российской физической антропологии» (М., 2002) деген атпен баспадан шықты. Бұл еңбектің материалдары Ресейдің антропологиялық ғылымының рең позициясы ретінде бағалануға лайық деген пікір айтылуда. Е.В. Балановскаяның осынау жинақтан орын алған баяндамасында ДНК-маркерлері, жекеленген генотиптердің (барлық гендер жиынтығы) классификациясы (жіктелуі) нәсілдік жүйелеуге толығымен сәйкес келетіндігі тілге тиек етілген. Оны қоштаған Г.Л. Хитъ пен Е.З. Година негізгі нәсілдік айырмашылықтар айтарлықтай дәрежеде сәбидің ана құрсағындағы кезінде қалыптасады деп көрсетті [14].

Американдық генетик Дж. Нил қазіргі уақытта кез келген индивидуумды жақсы зерттелген үлкен этникалық қауымдастыққа 87%-тік дәлдікпен жатқызуға болады деп мәлімдеді.

Италияндық антропология мектебінің ең танымал авторитеттерінің бірі Джузеппе Серджи өзінің «Виды и разновидности человеческого рода» (1900) атты монографиясында: «Бір ғана бас сүйек бойынша аралас топтарға жататын этникалық элементтерді ажыратуға болады. Ең көне дәуірлерден бүтінгі күнімізге дейінгі аралықта бас сүйектердің ешқандай жаңа турлері пайда болған емес» деп тұжырымдады.

Совет генетигі Н.П. Дубинин «Что такое человек?» (1983) атты еңбегінде «Адам мыи генетикалық жағынан детерминделген (анықталған) қасиеттерге ие», деп жазды. Ресей ғылым академиясының Д.Н. Анучин атындағы антропология институтының краниологі Анучин маңдай алды сүйегі, самай сүйегі, тобе сүйегі және негізгі сына тәрізді сүйектердің самай шұңқырында қосылысып бітетінін анықтаған. Немістің ірі антропологі Георг Бушанның айтуынша, самай сүйегінің алдыңғы жағынан шықкан қосалқы бұтақша маңдай сүйегіне дейін барып жетеді. Жоғары нәсілдерде бұл қосалқы бұтақ ете сирек кездеседі («Наука о человеке. М., 1911): европеоидтықтарда – 1,6%, монголоидтықтар мен малайзиялықтарда – 3,7%, ал қара нәсілге жататындарда – 13%, австралиялықтарда – 15,6 %, папуастарда – 8,6% - ке

дайын кездеседі. Самай сүйегінің маңдай сүйегімен бұтак арқылы жымдасуы горилла, шимпанзе және басқа маймылдарда турақты кездесетін жайт.

Ойген Фишер ми күшті болса бас сүйекті іштен кернейді де, маңдай және самай сүйектері бір-бірінен алыстайды, нәтижесінде олардың арасында жік пайда болады дейді. Анучиннің зерттеулеріне қарағанда, метопизм (маңдай сүйегінің екі жартысының қосылған жерінде пайда болған жік) – маңызды нәсілдік маркер, олай болса ол – әлеуметтік-мәдени маркер саналады. Адам психикасы мен интеллектінің жоғары сапасын анықтайтын нақ мидың маңдай бөліктегі сияқты кейбір индивидуумдардың да миы маңдай сүйегінің екі жақтағы бөліктегін ажыратса түсіп, (метопизм деп аталатын) маңдай жігін туындалатын қасиетке ие. Анучиннің бақылауынша, маңдай жігі бар бас сүйектің сыйымдылығы әдеттегі сүйектерге қарағанда 5 % - тей үлкен еken. Авдеевтің күеландырғаныңда, интеллигентті тайпаларда, моңгол және ақ нәсілдердің жоғары өкілдерінде метопикалық жіктер австралиялықтар мен негрлерге қарағанда 9 есе көбірек болады. Мұндай жіктері бар индивидтер мидың үлкен массасына ие болып, ол денесінің мөлшеріне байланысты емес еken – маңдай жігінің сақталуы өз кезегінде индивидтердің психикалық және интеллектуалдық қабілетінің өте жоғары деңгейінің қалыптасуына әсер етеді [10, 12]. Антропологияның тағы бір білгір маманы В.В.Бунак «жалпы биологиялық заңдылық нормадан ауытқыған адамның маңдай жігі көбінесе мәдени нәсілдерде байқалып, мұның өзі бас мидың үлкесінде және оның маңдай сүйегіне түсірген қысымының артуымен байланысты» деп жазды. Бұл бағытта қалам тербереген шетелдік фалымдардың ішінен Жорж Папийо, Георг Бушан, Марциано Лимсон, Венцель Леопольд Грубер, Иоганн Ранке, Герман Велькер, Иозеф Гиртль, Паоло Мантегаццаның есімдерін атауға болады. Танымал швед антропологы, Стокгольм университетинің профессоры Вильгельм Лехе өзінің «Человек, его происхождение и эволюционное развитие (М., 1913) кітабында бұл жөнінде нақты да тыңғыштықты тұжырымын жасаған: «Маңдай жігінің сақталуы шын мәнінде, әдетте ақылой артықшылығының критерийі болып табылады. Мұндай бас сүйектер өркениетті халықтарда жиі-жиі кездеседі. Осы автор күні бүтінімізге дейін маңдай жігі бар адам тәріздес маймылдардың бірде-бір бас сүйегінің сипатталмағандығын ескерtedі. Георг Бушан мәдени халықтарға қарағанда төменгі сатыдағы нәсілдер мұндай бас сүйектердың аз процентін береді деп көрсетті [16]. Мұның өзі, О. Фишер жазғандай, мидың сыйымдылық мөлшеріне байланысты еken. Бұл сиымдылық немістерде 12,5 %, негрлерде 1% жағдайда кездеседі.

Орыстың нәсілтанушысы В.А. Мошкова негр балалары өздерінің психикалық қабілеті жағынан ақ нәсілді балалардан қалыспайды, олар оқуда да қабілетті, ұғымы да бар. Бірақ ер жеткен кезде бас сүйектерінің жіктері өсіп шығып және жақ сүйектерінің алға қарай шығуына байланысты оларда маймылдардағы сияқты процессті байқалады: индивидуум дамуға қабілетсіз

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

бала бастайды. Содан кейін миы сола бастайды. Мұның өзі бас сүйектері жіктерінің ертерек жабыса өскендейгіне байланысты [17]. А.Г. Козинцевтің жазуынша (Этническая краниоскопия. Расовая изменчивость швов черепа современного человека. Л., 1988), европеоидтықтар мен монголоидтықтар бес белгі бойынша ажыралады (1. Желке индексі. 2. Сына тәріздес жоғары жақ жігі. 3. Артқы бет сүйегінің жігі. 4. Көз астындағы бедер индексі. 5. Көлденен қаңдай жігі.).

Адам бас сүйегінің құрылымындағы жіктерден басқа, ірі неміс антропологі Роберт Видерсгейм жазғандай, «әдетте бөлекше бітептін мұрын сүйектері кей-кейде бір сүйекке қосылысып кетеді және бұл жәйт жоғары нәсілдерге қараганда төменгі нәсілдерде әлдеқайда жиі кездеседі. Бұл маймылдар үшін қалыпты жағдай. Ол шимпанзе өмірінің екінші жылында-ақ көрінеді».

Бұл ретте Ю.Д. Беневоленская адамзаттың бет әлшеті морфологиясының екі шектік вариантының бұрыннан-ақ бар екендігі жөніндегі тұжырымдамасын алға тартты: европеоидтік тип трапеция тәріздес, ал шығыстық – төртбұрышты морфотиптік болып келеді. В.П. Алексеев бұл морфотиптің бірі бастауыш, яғни өсудің төменгі фазасына, ал басқасы – ақырғысына жатады. Типтер айырмашылығы олардың пайда болуының өзара тәуелсіздігін көрсетеді деп жазды [18].

Френологияның негізін қалаушы Ф.И. Галь (1758-1828) жоғары психикалық функцияларды локализациялаудың 27 зонасын ажыратып көрсетті. Галь ақ нәсіл бас сүйегінің сыйымдылығы 75-тен 109 куб дюймге дейін, монголоидтық нәсілдің 69-дан 93 дюймге дейін жететінін есептеп шығарды. Демек, мидың көлемі мен салмағы нәсілдерді айырушы маркерлер болып табылады. Сонымен қатар жекеленген халықтардың ми қатпарларының құрылымындағы айырмашылықтар анықталды [19]. Француздың ұлы антропологы Поль Топинар «Антропология» (1879) атты іргелі кітабында төменгі нәсілдердегі қатпарлар жуандай және күрделірек болады. Негрлер миының жүйкесі қалыңдау, миының заты европалықтардің сияқты оншалықты ақылпіттау емес» деп көрсетті. Карл Фогт ақ европеоидтықтардің қараганда негрлер миының заты өте тығыз және қаттылау болып келеді деп мәлімдеген. Соңықтан олар болмашы соққыны сезіне бермейді. Жан Жозеф Вирей негрлер миының заты қара түстес болады дейді. Ал канадалық проф. Дж. Филипп Раштон «Эволюция и поведение рас» атты зерттеу жұмысында 7 жасар африкалық балалардың денесі европалық балалардан 16 % -ке үлкен, ал олардың миының периметрі 8 % -ке аздау. Ақ адамдарға қараганда негрлердің басындағы нейрондар аздау (480 млн.-ға). Олардың миының көп белгі саналы ой-армандарға арналмай, күнделікті өмірлік маңызы бар функцияларды атқарумен айналысады. Қара нәсіл мен қара индивидуумның ең әлсіз жері – ақыл-ой аумағында жатыр деп жазды проф. И.А. Сикорский (Всеобщая психология с физиognомикой. Киев, 1904).

Автор басқа нәсілдердікіне қарғанда қара нәсілдің бас сүйектері мен миының салмағы аздау және соған сәйкес рухани қабілеттері жетілмеген. Негрлер ешуақытта үлкен мемлекеттер мен державаларды құрмадан, тарих санасында жетекшілік рөл атқармадан. Олардың ең әлсіз жерін – ақылойының әлеуетін портреттерінен, яғни жоғары орбитальдық бұлышық еттеріннің нашар қысқаруынан байқауга болады, дейді.

Әрине, нәсілдердің пайда болуы уақыты мен алғашқы мекен-жайы белгісіз. Алғашқы нәсілдің саны қомақты болмадан. Олай болмадан жағдайда, олар тіршілік қамымен жан-жаққа тарап кету керек еді, сөйтіп топтаса өмір сүре алмадан болар еді. Және тұрақты биологиялық тұқым қуалаушылық белгілеріне ие нәсіл құрылмас еді. В.Л.Комаровтың айтуынша, жана бір нәсілдің пайда болуы үшін нәсілдік ерекшеліктер бір территорияда тұрған оның барлық беліктерінен табылуы шарт. Нәсіл, яғни «Раса» сөзі санскрит тілінен аударғанда таза эссенция (заттардың берік еріндісі) мағынасын береді. Неміс ғалымдары Г.Ф.К.Гюнтер, О.Рехе, О.Фишер, американцытар Т.Добжански, Э.Хутон, С.Гарн және орыс зерттеушілері Я.Я. Рогинский, М.Г.Левин және т.б. нәсіл – бұл басқа топтардан айрықша өзіне тән физикалық белгілер мен психикалық қасиеттерімен ажыралып тұратын адамдардың бір тобы. Бұл тұтастық ортақ шығу тегі, ұзақ уақыт бойы географиялық изоляцияда болуы және белгілі бір ареалда өмір сүруіне байланысты қалыптасады. Ендеше, В.Гинзбург және Т.А.Трофимовың жазғанындей (Палеоантропология Средней Азии. М., 1972), нәсіл сезіне биологиялық құрылым мағыналас болып келеді.

Жер бетінде ең алғашқы адамдардың шыққан ортасы жайлы ғылымда қарама-қарсы көптеген пікірлер айтылған. Көпшілік ғалымдар ең алғашқы адамдар Африкада пайда болып, содан соң басқа құрлықтарға тараган деген пікірді қолдайды. Ю.А.Мочанов 1982-1985 жылдары Лена өзенінің жағалауынан бұдан 2 млн. жыл бұрын жасалған тас құралдар тауып, оларды пайдаланған алғашқы адамдардың шыққан жері Кіндік Азия (Қазақстан, Монголия, Солтүстік Қытай және Орта Сібір үстірті) деген деген пікірді ұсынды. Ал француз палеонтологі Лу де Бонис алғашқы адамдар Африкада емес, Грекияда пайда болған деген болжам жасады, өйткені ол тапқан алғашқы адамдардың аргы тегі деп саналатын уранопитектің сүйек қалдықтарының жасы 10 млн. жыл деп анықталып отыр, ал Африкадағы афрагалық - австралопитектің жасы 5 млн. жыл.

Зерттеушілердің баршасы «кроманьондықты» бірауыздан қазіргі адаммен теңестіре қарастырады [20]. Оның жасы түрліше анықталады: 40-50 мыңнан 200 мың жыл және тіпті 1 млн. жыл бұрын өмір сүрген деп. Оның склеті алғаш рет 1868 ж. Франциядағы Кро-маньон үңгірінен табылғандықтан шартты түрде ол кроманьондық деп аталады. Неміс антропологі А. Эккер Онтүстік Германиядан табылған «солтүстік типтес» бас сүйектердің қазіргі немістердің бас сүйектерімен бірдей екендігін анықтады. Мұндай «Солтүстік

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

тилтес» бас сүйектерді швед антропологі Андреس Ретциус Скандинавия мен Солтүстік Германияның көптеген жерлерінен тапқан. Осылардың негізінде өзінің құрылымы жағынан қазіргі «Солтүстік типтің», палеолиттік Еуропаның кроманьондық типке жататындығы жөніндегі болжам жасалынады. Франция антропологиялық мектебінің ірі өкілі Арман де Катраж кроманьондық блондин, сұңғақ бойлы (орташа биіктігі 187 см.) және үлкен басты (миның көлемі 1600-ден 1900 куб см.-ге дейін) болған деген еді. Сондықтан О. Фишер кроманьондық нәсілден нордикалық нәсіл пайда болған деген болжамды алға тартқан. Демек, европеоидтықтар Солтүстікте кроманьондықтардың модификанттары ретінде жайғасқан. Әрине, дейді ол, олардың бір бастапқы түр ретінде бірнеше жаңа түрлердің бастауына негіз болуы мүмкін. Содан соң олардың Солтүстіктен Оңтүстікке қарай көш-қоны басталған. Басқа нәсілдердің, монголоидтықтардың оңтүстіктен солтүстікке қарай, Мұзды мухиттің жағалауына, Гренландияға дейін барғандығы белгілі. Ал кромандьондықтардың Оңтүстіктен Солтүстікке қарай жаппай қоныс аударғандығы жөнінде археологияғының мәліметтер жоқ.

Неандерталдықтар бір замандары Скандинавия мен Солтүстік Ресейден басқа, бүкіл Еуропаны мекендеген. Олардың сүйектері Орта және Оңтүстік – Шығыс Азиядан, Оңтүстік Сібірден, Қытайдан, Қырымнан, Палестинадан, Африкадан, Ява аралынан табылған. Мамандар оның жасын түрліше анықтайды: 50-100 мың, 200 мың, тіпті мың жыл бұрын өмір сүрген деп. Бірінші неандерталдық сүйектер Дюселдорфтың маңынан 1856 ж. табылды. 1997 ж. Мюнхен университетінің мамандары оның сүйектерінің ДНК сараптамасын өткізді. Оның жасын 50 мың жыл деп анықтады. Цорих университетінің мамандары 2 жасар неандерталдық пен кроманьондықтың бас сүйектерін салыстырып, олар мұлдем түрліше қалыптасқан деген қорытындыға келді. Шимпанзе миның маңдай бөліктерінің үлесі ми көңістігінің шамамен 14 %-ін құрайды, бұл неандертальдықта – 18 %, кроманьондықта және қазіргі европеоидтықта 24 %-тен жоғары [10, 26]. Неандертальдықтардың бет пішінінен негроидтық пен австралоидтық нәсілге тән ұқсастықтарды көруге болады. Неандертальдықтардың мұрделері сақталмаған, тек склетеңдері ғана табылған, олардың терісі түсінің қандай болғандығын ешкім де айта алмайды. Олар да адамдық қасиеттерге ие болған. Мұстьер мәдениетін жасаған: тас және сүйектен жасаған құрал-аспалттары табылды. Отты білген. Бұдан 40 000 жыл бұрын өлгендерін қарабайыр рәсімдер бойынша арулап жерлекен, о дүниені еске алып, жоралғылар жасаған, аңшылық магияны қолданған. Қарадүрсін безендірулер пайда болған, бірақ кроманьондықтар сияқты өнер шығармаларын қалдырмаған (тасқа қашап салған суреттер, сүйектен жасалған скульптура сияқты). Неандертальдықтар мен кроманьондықтардың тұрақтарынан олардың мұқият бөлшектелінген, өндөлген сүйектері табылған. Мұның өзі олардың бір-бірімен ымырасыз жауласқанын көрсетеді. Олардың бір территорияда

қарама-қарсы тұруы ондаған мыңжылдықтарға созылған. Бірақ бұл кезеңнің соңында, яғни будан 40 000 жыл бұрын кроманьондықтар неандертальдықтарды Еуропадан толығымен ығыстырып шыгарған. Неандертальдықтардың тұрактарынан табылған қалдықтар олардың будан 30 000 ж. бұрын Гибралтарда, Пиренейде жасағандығын көрсетеді. Олар кейінректе Оңтүстікке, Таяу Шығысқа, Жерорта теңізі аумағына барып өмір сүрген. Еуропа ғалымдарының пікірінше, кроманьондықтар неандертальдықтардан пайда болмаған. Кроманьондықтар 30 000 ж. ішінде біртіндеп араларындағы метистерден, екіншілік кроманьондық-неандертальдық нәсілдердің өкілдерінен (олардың арасында қан араласулары болғандығы белгілі) құтылып, яғни тазаланып үлгерген. Осынау ғалымдардың айтуынша, Дарвин өз кезінде айтқан екен: табигат бірінші кезекте қажетсіз де артық, жетілмеген элементтерінен құтылуға тырысады деп. Кроманьондықтар өмірін әрі қарай жалғастыру үшін өзінің табигатына сәйкес бейімделгіштігінің арқасында басқа нәсілдерден айырмашылығы болғандықтан осындағы тазалануды бастан кешірген. Неандертальдықтардың гендік мұрасы қазіргі уақытта ақ нәсілдес Кавказдық, Алдыңғы Азиялық немесе семит типтес халықтардың арасынан табылады. Олардың сыртқы пішіні ғана емес, денесінің жүн басуы т.б., жіліктері мен сирақтарының құрылымы неандертальдықтарды Жер шарының оңтүстікегі тұрғындарымен туыстастырады (бұлардың сүйектерінің буын жақтары европеоидтарға тән емес, тізесін бүгіп, аяғы бақайларының ұшын ұстап көп уақыт бойы отыру әдетіне байланысты қалыптасқандығын көрсетеді). Неандертальдықтардың сүйектері Шығыс Еуропаның көптеген белгінен, Солтүстік Сібірден, Америкадан, Австралиядан табылған. Олар, әрине Еуропаның байырғы тұрғындары еді. Олардың қалдықтары Англия, Германия, Италия, Франция, Югославия және Оңтүстік-Шығыс Азия мен Оңтүстік Сібір, Қытай, Қырым, Палестина, Африка (Родезияға дейінгі жерлерден), сондай-ақ Ява аралынан табылды. Бұл жерлердің бір-бірімен араласып, толығымен жұтылып кетіп, гомогендік екіншілік нәсілдер мен этностарға ажыраган. Мұнда доминанттық тип жойылып, кейде алғашқы екі тип уақыт өтісімен фрагменттік және жекеленген түрде ғана көрінеді. Неандертальдықтармен болған қан араласудың нәтижесіндегі неандертальдық элементтерді европеоидтық доминанттық белгілер ығыстырып шығарып отырған. Сондықтан неандертальдық белгілер ақ түсті европеоидтықтардың арасында өте аз кездеседі. Оңтүстік өңірлерде, Алдыңғы Азия мен Жерорта теңізі маңайындағы жерлерде неандертальдықтардың доминанттық элементтері немесе олардың этностиқ-гибридтері (эфиоптар, египеттіктер, семиттер) кездеседі. Мысалы, Кафех тауындағы Назарете бас сүйегінің биік төбесі бар немесе дәңгеленіп келген желкесі сияқты кроманьондық белгілері бар сүйектер табылған. Дәл осындағы қалдықтар Сириядан (Ябруд), Ливиядан

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

(Хая-Фтеах), Мароккодан (Джебел-Ирхуд), Ирақтан (Шанидар) табылды. 1963 ж. жапондық экспедиция Израиль жерінен бойы кроманьондықта шақ (170 см) неандертальдықтардың тұтас қаңқасын тапқан. Әрине, Еуропада кроманьондықтар неандертальдықтардан сақталып қалған белгілерін өздерінен тамшылатып сыйып тастаған еді, бірақ мұны Алдыңғы Азия мен Жерорта теңізі аймағында жасай алмады. Нәк осы жерлерде олар бір қазанда қайнап араласты. Дегенмен де аман-сау құтылған неандертальдықтар таулы шатқалдардан өтіп, бірте-бірте бүкіл Африканы мекендей бастады, ал европеоидтық кроманьондықтар өзінің жерінде, Еуропада орнықты; негроидтық пен австралоидтық болып қалған неандертальдықтар өз жерінде, негізінен Африкада, кейінректе Индонезияның онгустігінде (оларды бұл жерге кроманьондықтардың ұрпақтары болған үндіарийлер ығыстырып әкелген еді), Австралияда, Тасманияда, ал дүниедегі алғашқы аралас-құралас болған нәсіл өзінде, яғни Алдыңғы Азия мен Жерорта теңізінде қалды. Бұл үдеріс шамамен б.з.-дан 30 000 жыл бұрын болған еді.

Ал жұтыла қоймаган кроманьондық эшелондардың жарықшақтары – берберлер және олармен туыстас рифтер т.б. аман қалып, тіпті семит тілінде де емес, өзінің тілінде, бербер-ливиялық тілде сөйлеген-ди.

Адам төріздес маймылдар да, палеоантроптар да өмір сүрмеген Солтүстік мұзды мұхиттың жағалауында кенеттен кроманьондықтар пайда болған. Олар тіршілік үшін аса қолайсыз зонада қалайша пайда бола қалды? Мұны 1920 ж. неміс метеорологі, аэронауты және полярлық зерттеушісі Альфред Вегенер тарапынан жасалынған жер апаттарының литосфералық (Жер шарының сыртқы қатты қабаты) теориясы бойынша түсіндіруге болады. Әлдекандай аспандық дене Жерге келіп соқтыққанда оның сыртқы қабатының полюстері мен экваторының орны өзгеріп кетеді екен. Көптеген ғалымдар алапат апаттың жекеленген теориясын тұжырымдаған: Планетаның бір бөлігінде ауаның кенеттен салқындауы немесе бірден аптаң ыстықтың болуы ауа мен судың химиялық жағынан өзгеруі, жер сілкінісі, топан судың басуы [21].

Біздің Жеріміз Күнді және өзінің осін айналғанда мәңгі қозғалысында инерциялық системаны құрайды. Оның қабығының қалындығы 50-ден 70 км-ге (тағы бір басқа мәліметтер бойынша 20-дан 40-қа) дейін жетеді – бұл біз өмір сүретін Жер қабаты. Бұл қабат пен ядроның арасында балқыған магма бар. Оның біршама көлемдегі ядро мен электромагниттік сигналды өткізбейтін күндеңі сияқты қызыған газдардың араласқан материалынан тұратын массалары бар. Соңдықтан Жердің бүкіл қабаты аспандық қатты денемен соқтығысқанда өзінің айналу осі мен полюстеріне қатысты орнын ауыстырып алады. Аса жойқын соққы кезінде полюстердегі мұздың аса ауыр да үлкен массасы пайда болады. Және Жердің үстіндегі қабаты сойқан жарылышқа ұшырай, жыртылып-жырымдалып бір тектоникалық (жер қыртысы және онда болып жатқан өзгерістер) платформа (біліктеу төсемі) басқасының үстіне шығып кетеді. Барша мұздар еріп, топан су басады,

тіршілік иелерінің бәрі жойылады немесе флора мен фауна аса үлкен кеңістікке әп-сәтте жылжып барып тап болған платформаның астында көміліп қалады. Содан соң миллиондаған жылдар бойы жойқын қысымның астында қалған бұл кеңістікке оттегі кіргемендіктен, ол жерлер газ, көмір, мұнайға айналады. Экватор аймағындағы мұзды таулар мен шөлдер еріп, Топан су басады. Жер қабатында соқтығыстың нәтижесінде жүздеген үлкенді-кішілі (диаметрі 100 км) кратерлер (терен шұңқырлар) пайда болады. Бұл ретте Воронеж түбіндегі кратерді (диаметрі 100 км) айтсақ та жеткілікті. Жер қабатын қозғаған соңғы қүшті соққы бұдан 10 000 жыл бұрын болған, шамасы Платон айтқан Атлантиданың жоқ болып кетуі осы кезге тұра келсе керек. А.К. Полеванов радиоуглерод әдісі арқылы соңғы 50 000 жыл ішіндегі литосфералық катострофандың мезгілін анықтаған. Ол бойынша, Сібір кеңістігі полюс пен экватордың арасында өз орнын бірнеше рет өзгертіп тұрған, солтүстікте, экваторда т.б. жерлерде орналасқан. Ең сойқан соққының нәтижесінде Антарктида диаметрі 240 км.-ге жететін үлкен кратердің пайда болғандығы белгілі. Сол соққының нәтижесінде Антарктида Оңтүстік полюсте пайда болған. Бірақ 50 млн. жыл бұрын (неоген кезеңінде) кейір тіршілік иелері аман қалған. Гүлденген суптропиктер қас-қағымда мұздың астында қалуы мүмкін ғой. Егер Антарктида мұзының қатты материктік негізі болса, соққы жасалынысымен онымен бірге қозғалысқа келіп, инерциялық системаны құрагандықтан, Арктиканың мұзы өз орнында қалып, жер қабаты flora – фаунасымен оның астына қарай түсіп кетуі мүмкін екен. Осындағы жағдайда болған мамонттардың мұздатылған (тоңазытылған) денесі Тундрадан 1799 жылы табылды. Мәнгі мұзда сақталған мамонт ас қазанында, тіпті аузында да әлі қорытылып үлгермеген тамақ қалдықтары сақталынған екен. Бұл қалдықтар – олар табылған жерден 1,5 мың шақырым алыстағы оңтүстікте өсken тропикалық өсімдіктер және ағаштардың жапырақтары мен бұтақтары еді.

А.К Полеванов мына мәліметтерді келтірген: «Ірі сүтқоректілердің 70-тен артық тұрларі 10 000 жыл бұрын көзді ашып-жұмғанша жойылып кеткен. Жердің барлық белгінде 40 000 ірі жануардың сүйектері қабірстанға айналды. Лахов аралдары мамонттар, носорогтар, бұқалар т.б.-дың үйіліп жатқан сүйектерінің көптігінен Сүйек аралдары деп аталған. Жануарлар сүйектері Германия, Дания, Оңтүстік Англия, Испания және көптеген жерде үйіліп жатып қалған. Аляскадан да сондай жағдайды көруге болады. Тарихқа дейінгі дәуірлерде піл сүйектері Германиядан, Азов жағалауынан табылды. Атальыш соққының нәтижесінде мамонттар бірнеше минуттың ішінде тұрған тұрағы-жерімен бірге Поляр шенберінің аржағынан бір-ақ шығып тез арада үсіп өлген.

Еуропалықтардың пікірінше, кроманьондықтардың солтүстікте туылуы мүмкін емес, онда олар ешкімдерден пайда болмаган, космостық жағдайларға байланысты со жаққа барып қалған. Олар отты және көп нәрселерді

Әбушәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы.

білгендіктен, аман қалып, тез арада көбейіп Оңтүстікке қарай жол тартқан, өздерінің жолындағылардың берін ысырып тастап, қарадурсін неандертальдықтарды қуалай отырып оңтүстікке жеткен. Авторлардың жазуынша, кроманьондықтардың Поляр шенберінің арғы жағында ешқандай эволюциясының болуы мүмкін емес. Онда тек өте дамыған, кемел де ақылды адамдар ғана аман қалар еді. Олардың өркениетінің бұрынғы орталықтары бүгіндері Артика мұздарының астында қалған. Бірақ жойқын апattan соң өздерінің жадында сақталған ақыл-ойы мен тәжірибесінің арқасында және жаңа табиғи-географиялық жағдайда өмірін жалғастырған кроманьондықтар тасқа қашап салынған жоғары деңгейдегі кескіндемені дүниеге әкеліп, жедел мәдени құрылышты бастап жіберген. Олар бұрынғы мәдени, өркениеттік-этностиқ бірлігін жаңа жағдайда сақтап қалуы мүмкін емес еді. Өйткені, олардың басты ұраны әр «кім өзінше тіршілігін жалғастырып, өзін-өзі құтқарсын» дегенге саяды. Ақ нәсілдің этностарға бөлшектенуі мұздың жиегінде қалып, өлім аузынан аман қалған дәуірден басталады. Бұдан кейін кромонондықтардың бірсынапасы Сібірде қалды, басқалары Алтайдан баспаңа тапты, тағы басқалары қазіргі Қытайдың Солтүстігінде, кімде-кім Скандинавияда, Орыс платформасында және Батыс Еуропада тіршілігін жалғастырды.

Антрапогенез дәуірінде Жердің географиялық картасы басқаша көріністе еді. Еуропа қазіргі Еуропадай емес еді, ол экватордың төменгі жағында болуы керек, Африка Антарктиданың орнында болуы тиіс, қазіргі Америка Африка мен Еуропаға жапсарлас жерлерде немесе Азиямен шектес жерлерде болған шығар деп болжамданады.

Жоғарыда есімдер тілге алынған генетиктер, археолог - антропологтар және расологтардың кроманьондықтар мен неандертальдықтардың нәсілі жөніндегі, сондай - ақ олардың Орталық Азия мен Сібірге қоныс аударып, жергілікті тұрғындармен арасқандығы жөніндегі пайымдауларының ғылыми негізі солқылдақтау. Тек бас сүйектер мен скелеттер негізінде ғана қорытынды жасауға болады ма?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авдеев В.Б. Расология. – М.: Белые альвы, 2005.
2. Шнирельман В.. Новый расизм в России//Этногенез — Википедия ru.wikipedia.org/wiki/Этногенез.
3. Зубов А.А. Дискуссионные вопросы теории антропогенеза// Этнографическое обозрение, 1994, с.6.
4. Энтони Барнетт. Род человеческий. М., 1968; В.Б. Авдеев. Расология. М., Белые альвы, 2005. – С. 366; Ю.Д. Беневоленская. Проблема выявления сапиентной и неандертальской линии на ранних стадиях эволюции (Курьер Петровской Кунсткамеры. Вып. 8-9. СПб., 1999, т.б.
5. Зубов А.А. Некоторые данные одонтологии к проблеме эволюции человека и его рас// сб. Проблемы эволюции человека и его рас. М., 1968.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 2, 2013

6. International Human Genome Sequencing Consortium (2004). «Finishing the euchromatic sequence of the human genome.». Nature431 (7011): 931-45. PMID 15496913.
7. Қасымбаева Т., Аманжолова Л. Тіршіліктану. Биология. – Алматы: «Мектеп», 2003. – 318 б.
8. Дубовая Н.А. В сб.: Проблема расы в российской физической антропологии. – М., 2002.
9. Вишневский Б.Н. Человек, как производительная сила. Л., 1925.
10. Авдеев, В.Б. Севастьянов А.Н. Раса и этнос// Расология.- М.: Белые альвы, 2005.
11. Абдуллашивили М.Г. и В.П. Волкова-Дубровина. О соотношении расовых и морфофизиологических признаков// Вопросы антропологии. Вып.52, 1976.
12. Шмальгаузен И.И. Биологияның кибернетикалық мәселелері. М., 1968.
13. Этногенетика. <http://nedosionist.livejournal.com/> (nedosionist.livejournal.com) wrote in idelsong.
14. Хить Г.Л., Долинова Н.А. Расовая дифференциация человечества. – М.: Наука, 1990.
15. Бунак В.В. О гребнях на черепе приматов // «Русский антропологический журнал», т. 12 , книга 3-4, 1922.
16. Георг Бушан «Наука о человеке» (М., 1911).
17. Мошкова В.А. «Новая теория происхождения человека и его вырождения» - Варшава, 1907.
18. Единство и многообразие человеческого рода. М., 1997.
19. Аркти А.С., Д.Н. Зернов. О расовых особенностях в строении мозговых полушарий человека// Журнал: Невропатологии и психиатрии им. С.С. Корсакова, книга 3-4, 1909.
20. Н.Н. и И.А. Чебоксаровы. Народы, расы, культуры. М., «Наука», 1972. – С. 91.
21. Радышевский Д. День, когда перевернется Земля. – Московские новости, № 40, 11-18 октября 1998 г.; В. П. Полеванов. Сумерки богов. Сайт Росс. Ассоциации мирового развития: <http://> Цит. По вышенназванной работе Севастьянова: стр. 30.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается возникновение и эволюция расы и этноса. В этой связи приводятся мысли и утверждения исследователей, в частности Л.Н. Гумилева, Дж.А. Тойнби и др. В ней большое место отведено позициям и обоснованиям моногенистов и полигенистов (моноцентристов и полицентристов) по вопросам природы расы и этноса, их взаимосвязи. В этой связи мы разделяем логику суждений и стиль доказательств исследователей, утверждающих, что не все расы, этносы и люди одинаково наделены природными психическими и интеллектуальными способностями. Они доказывают это на основе анализа химизма, электро-магнитных свойств крови, внутренней секреции, белков, а также трансферинов и иммуноглобулинов представителей разных рас и этносов. Хочется верить сторонникам позиции, согласно которой все расы, этносы и люди генетически и психически равны. Однако, они приводят мало фактов на этот счет и их система доказательств кажется недостаточной.

В статье показывается, что в человеческом бытии расовые и этнические маркеры тесно переплетены между собой.

(Абушарип С. Человек – раса – этнос: возникновение и эволюция)

SUMMARY

The article discusses the origin and evolution of race and ethnicity. In this regard, are thoughts and statements of researchers, in particular, LN ENU, J. Toynebee, etc. It is a great place allotted positions and justifications monogenists and polygenists (monocentrism and polycentrism) on the nature of race and ethnicity, and their interrelationships. In this regard, we share the logic of

Әбүшәріп С. Адам – нәсіл – этнос: пайда болуы және эволюциясы

propositions and proofs style of researchers who claim that not all races, ethnic groups and people are equally endowed with natural mental and intellectual abilities. They prove this by analyzing the chemistry, electro-magnetic properties of blood, internal secretion, protein, and transferrin and immunoglobulins representatives of different races and ethnicities. Hopefully advocates the position that all races, ethnic groups and people are genetically and mentally. However, they give little evidence to this effect and their system seems to be a lack of evidence.

*In this paper we show that in human existence racial and ethnic markers are closely intertwined.
(Abusharip S. Man – race – ethnos: rise and evolution)*

ÖZET

Makale kökeni ve ırk ve etnisite evrimi tartışıyor. Bu bağlamda, araştırmacı düşünce ve ifadeleri özellikle, LN de vardır TRK, J. Toynbee, yb harika bir yer tahsis pozisyonları ve gereklileri monogenists ve ırk ve etnisite niteliğine poligeristov (monotsentristov ve politsentristov), ve ilişkiler olduğunu. Bu bağlamda, önermeler ve tüm ırklar, etnik gruplar ve insanlar eşit doğal zihinsel ve entelektüel yetenekleri ile donatılmış olduğunu iddia araştırmacıların deliller tarzı mantığı paylaşın. Bunlar kimya, kan elektro-manyetik özelliklerini, iç salgı, protein, ve farklı ırklar ve etnik transferrin ve immunoglobülün temsilcileri analiz ederek bu kanıtlamak. Umarım tüm ırklar, etnik gruplar ve insanlar genetik ve zihinsel olduğu konumunu savunuyor. Ancak, bu yönde çok az kanıt vermek ve onların sistem eksikliği gibi görüntüyor.

*Bu yazında insan varlığının ırk ve etnik işaretleri yakından iç içe olduğunu göstermektedir.
(Abuşarip S. Adam – ırk – etnos (etnic): ortaya cıkmayı ve evrimi)*